	Көп.-Ал сен нешеуін алдың? -*Біреуін*. -Оның түсі қандай? Дайын болған жолмен машина жүргізіп ойнаған балалар топқа оралады.	көкөніс, күзде берді көп өніс. .		болады. Балалар сыпайы сөздерді қолдана отырып, өздеріне керекті көкөністерді сатып алады. Сатушылар да сатып алушыларға сыпайы жауап беруі керек.	Көктемде еккен көкөніс, күзде берді көп өніс

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Гимнастика **Мақсаты:** Дененің тұлғасы дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды жасап үйрету. Гимнастикаға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығуларды жасату арқылы қимыл үйлесіімділігін дамыту, баспен домалауға жаттықтыру. Музыкалық сүйемелдеумен орындалатын ЖДЖ: 1.Қолға және иыққа арналған жаттығулар: 2. Кеудеге арналған жаттығулар: 3.Аяққа арналған жаттығулар:	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Гимнастика **Мақсаты:** Дененің тұлғасы дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды жасап үйрету. Гимнастикаға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығуларды жасату арқылы қимыл үйлесіімділігін дамыту, баспен домалауға жаттықтыру. Музыкалық сүйемелдеумен орындалатын ЖДЖ: 1.Қолға және иыққа арналған жаттығулар: 2. Кеудеге арналған жаттығулар: 3.Аяққа арналған жаттығулар:	Кітаппен жұмыс.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Гимнастика **Мақсаты:** Дененің тұлғасы дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды жасап үйрету. Гимнастикаға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығуларды жасату арқылы қимыл үйлесіімділігін дамыту, баспен домалауға жаттықтыру. Музыкалық сүйемелдеумен орындалатын ЖДЖ: 1.Қолға және иыққа арналған жаттығулар: 2. Кеудеге арналған жаттығулар: 3.Аяққа арналған жаттығулар: Қ/ойын: «жоғары, төмен» Шарты: жоғары дегенде қолдарын жоғары

	Қ/ойын: «жоғары, төмен» Шарты: жоғары дегенде қолдарын жоғары көтеріп, төмен дегенде, отырады. Түзудің бойына сапқа тұруды үйрету.Бой-бойларымен орнын тауып тұруды үйрету. Гимнастикалық жаттығулар: -«көпір» -«Мысық» -«Шпагат» Арқанмен өрмелеу Домалау.		Қ/ойын: «жоғары, төмен» Шарты: жоғары дегенде қолдарын жоғары көтеріп, төмен дегенде, отырады. Түзудің бойына сапқа тұруды үйрету.Бой-бойларымен орнын тауып тұруды үйрету. Гимнастикалық жаттығулар: -«көпір» -«Мысық» -«Шпагат» Арқанмен өрмелеу Домалау.		көтеріп, төмен дегенде, отырады. Түзудің бойына сапқа тұруды үйрету.Бой-бойларымен орнын тауып тұруды үйрету. Гимнастикалық жаттығулар: -«көпір» -«Мысық» -«Шпагат» Арқанмен өрмелеу Домалау.
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Серуен картотекасы № 11	Серуен картотекасы № 6	Серуен картотекасы № 9	Серуен картотекасы №15	Серуен картотекасы №5
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Аяқ киімді оң-терісін айыру,реттеп қою Ойын жаттығу: «Қолымызды жақсылап жуайық»	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.

Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ертегі айтып беру	«Арыстан мен тышқан» ертегісін оқып беру	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Музыка тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз.Аяғымызды жазамыз,Үлкен болып өсеміз.	Ұйқыдан соң балалар, Шаш тарауды ұмытпа Барлығымыз айна алдына келіп, Шаш тараймыз жұмыла	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір сумен қолыңды жу. Жуынсан сен егерде, Таза бетің-маңдайын
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дөңгелек қасиетімен таныстыру. Әр баланың қолында үлкен қызыл түсті және кішкентай сары түсті дөңгелектер бар. -Үлкен дөңгелектің түсі қандай? -*Қызыл*. -Ол неге ұқсайды? -*Қызанаққа.* -Қызыл дөңгелектің сары дөңгелектен үлкен	Жандандыру. «Қызанақты» мүсіндеу - Қызанақта көптеген дәрумендер бар, ол балалардың ауырмай өсуіне көмектеседі. Қызанақтан өте дәмді де, пайдалы томат шырынын	Альбоммен жұмыс. Сурет салу. «Қиярды тышқаннан жасырайық!» Педагогтың қолында ойыншық тышқан бар. -Тышқан қиярдың түйін жегенді жақсы көреді, сондықтан қиярды тышқаннан жасырып қояйық. Педагог әр	Жылулық шеңбері «Күзге алғыс айтайық» Педагог балалардың назарын ортада тұрған себетке аударып, оны алтын күздің сыйымен толтыруды ұсынады. Балалар үстелге жақындап, көкөністерді	Жылулық шеңбері «Күзге алғыс айтайық» Педагог балалардың назарын ортада тұрған себетке аударып, оны алтын күздің сыйымен толтыруды ұсынады. Балалар үстелге жақындап, көкөністерді (қызанақ, қияр, қырыққабат, т.с.с.) көріп, оларды атайды және

	екенін қалай білуге болады? -*Қызылдың үстіне сарыны қою керек.* -Қызылдың жартысы көрініп тұр, сондықтан ол үлкен. Үлкен дөңгелекті,содан кейін кішкентай дөңгелекті саусақпен жүргізіп көр. Ал енді үлкен дөңгелекті домалат, домалай ма? Кішкентай дөңгелек ше? *Домалайды.* Міне, барлық дөңгелектер домалайды екен. Педагог осы жерде салыстырмалы түрде бұрышы бар заттардың домалай алмайтынын да айта кеткені дұрыс. Альбоммен жұмыс. Жандандыру «Қызанақтың» суретін салу Педагог балалрға дәмді қызанақ өсіру үшін көп еңбек ету керек екенін әңгімелейді. -Бақшадағы жерге дән сеуіп, оны суғарып, топырағын қопсытып, баптайды. Ол өскенде	жасауға болады. (Мүмкіндік болса, балаларға томат шырынын беруге болады.) Балалар қызыл және жасыл ермексаздан қызанақты мүсіндейді. Ермексазды алақанның ортасына салып домалақтап шар жасайды. Балалар ермексазды есіп, созу арқылы таяқша жасап, екі бөлігін қосады.	балаға альбомдағы шеңбердің ішіне салынған дайын қиярдың бейнесін және қарындаш үлестіріп береді. Ол қиярды қалай жасырудың жолдарын көрсетеді. Балалар қарындашпен бір бағытта сызықтар сызу арқылы қиярды жасырады. Егер де бала жұмысын аяқтамаса, педагог қолына тышқанды алып былай дейді: «Қиярдың түбі көрініп қалды, менің оны жегім келіп тұр» - дейді. Балалар қиярды жасыруға тырысады. «Жылы сөз айту» сөздік ойыны Балалар айтылған әрбір көкөністіің атын айтудың алдына оның түр-түсін немесе дәмін білдіретін сөзді қоса айту керек. Қызанақ – қызыл қызанақ. Қияр – жасыл қияр. Картоп – қоңыр картоп. Бұрыш – тәтті бұрыш. Жуа –	(қызанақ, қияр, қырыққабат, т.с.с.) көріп, оларды атайды және сұрақтарға жауап береді, көкөністердің түсі, пішіні, дәмі қандай екенін айтады. Содан кейін балалар бір көкөністен алып, шеңберге қайтып келіп, себеттің ішін алғыс сөздерімен толтырады. -Қайырымды күз, қызыл қызанақ үшін рақмет! -Қайырымды күз, жасыл қияр үшін саған рақмет! -Сары алтындай сары күз, ақ қырыққабат үшін саған рақмет! -Сары алтындай күз, қызғылт асқабақ үшін саған рақмет!	сұрақтарға жауап береді, көкөністердің түсі, пішіні, дәмі қандай екенін айтады. Содан кейін балалар бір көкөністен алып, шеңберге қайтып келіп, себеттің ішін алғыс сөздерімен толтырады. -Қайырымды күз, қызыл қызанақ үшін рақмет! -Қайырымды күз, жасыл қияр үшін саған рақмет! -Сары алтындай сары күз, ақ қырыққабат үшін саған рақмет! -Сары алтындай күз, қызғылт асқабақ үшін саған рақмет!

	дәмді қызанақтарды береді. Қызанақтың өсуіне күн де, жаңбыр да көмектеседі. «Шуағында көктемнің, Қызанақ дәнін еккенмін. Күн астында алтын дән, Тербеледі желменен.» Балалар өз бетімен дөңгелекті салады немесе оларға қағазда сызылған қызанақтың суретін үлестіріп береді, балалар қызанақты субояумен бояйды.		ащы жуа. Сәбіз – қызылсары сәбіз, т.с.с. *Мүмкіндік болса, суреттер, муляждар және шынайы көкөністерді қолдану шарт.*		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс. «Көкөністер достығы» Саида	Жеке жұмыс. «Көкөністер достығы»Амир	Жеке жұмыс. «Көкөністер достығы» Жалғас	Жеке жұмыс. «Көкөністер достығы» Хадиша	Жеке жұмыс. «Күзге алғыс айтайық» Ансар
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау.
Серуен	Серуен картотекасы № 28	Серуен картотекасы № 34	Серуен картотекасы № 32	Серуен картотекасы №17	Серуен картотекасы № 20
Балалардың үйге қайтуы	Дұрыс тамақтану ережелері.	Кеңес «Егер бала бұзық болса»	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

ЦИКЛОГРАММА

Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2 апта (09-13 қазан 2023-2024 оқу жылы)

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 09.10.2023**	**Сейсенбі 10.10.2023**	**Сәрсенбі 11.10.2023**	**Бейсенбі 12.10.2023**	**Жұма 13.10.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды салаулатты өмір сүруге тәрбиелеу; дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру.	«Амансың ба, достарым!» Балаларға бір-біріне жақсы сөз айтып, жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету.	Таңертеңгілік шеңбер Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар.	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор»	Өзін-өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлеу, пікірлеу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме**:Балаңыздың достары туралы білесізбе? Сауалнама жүргізу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды	Жылулық шеңбері. «Әткеншек» Балалар шеңбер бойымен айнала	Жылулық шеңбері. «Әткеншек» Балалар шеңбер бойымен	Жылулық шеңбері. Біз гүлдерімен доспыз, текке оны жұлмаймыз, Той	Жылулық шеңбері. «Әткеншек»	Жылулық шеңбері. «Әткеншек» Балалар шеңбер бойымен

ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	жүріп, бәрі бірге айтады: Өз қолымен ыдысқа, отырғыздым үй гүлін, Сабақтары қып-қысқа, терезеден сүйді күн. «Қызыл түске не ұқсайды?» ойыны Үстелдің шетінде түрлі заттар (көкөністер, ыдыстар, түрлі түсті қағаздар, қарындаштар, т.б.) қояды. Педагог балаларға қуыршақтың қонаққа баратынын айтады. Ол өзінің қызыл бантигіне ұқсас зат таңдап алуына көмектесуі сұрайды. Балалар бір-бірден үстелге жақындап заттың атын, түсін атайды (қызыл қызанақ, қызыл қарындаш, қызыл қағаз, қызыл гүл, т.с.с.) Қуыршақ дұрыс жауапқа қуанады, ал бала оның сөмкесіне затты салады, егерде дұрыс жауап бермесе қуыршақ басын шайқайды.	айнала жүріп, бәрі бірге айтады: Өз қолымен ыдысқа, отырғыздым үй гүлін, Сабақтары қып-қысқа, терезеден сүйді күн.	күні бір-бірден, анамызға сыйлаймыз. Бөлме гүлдері туралы әңгімелеу Педагог балаларға бөлме гүлдерімен амандасуды ұсынады. Балалар гүлдермен амандасып, олардың әдемілігін тамашалайды. -Неліктен адамдар бөлме гүлдерін өсіреді? -Гүлдер бөлменің ауасын тазартып, кейбір ауруларды емдеуге өте пайдалы, тіпті олар үйді де әсемдейді. -Ал адамдар бөлме гүлін қалай күтіп-баптайды? - *Балалар жауап берулері керек.*	Балалар шеңбер бойымен айнала жүріп, бәрі бірге айтады: Өз қолымен ыдысқа, отырғыздым үй гүлін, Сабақтары қып-қысқа, терезеден сүйді күн.	айнала жүріп, бәрі бірге айтады: Өз қолымен ыдысқа, отырғыздым үй гүлін, Сабақтары қып-қысқа, терезеден сүйді күн.
Таңертеңгі жаттығу	№16.«Секіру» Ертеңгілік жаттығу.	№17.«Бауырсақ» Ертеңгілік жаттығу.	№18.«Құстар» Ертеңгілік жаттығу.	№19.«Түлкі мен құстар» Ертеңгілік жаттығу.	№20.«Сыйлық» Ертеңгілік жаттығу.

Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Нан тамақтың атасы Ынтымақ-көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсін »	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен	Сиқырлы сөз: «Астарыңыз дәмді болсын» Асың-асың-асыңа Береке берсін басына Алла бізді	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру	Ойын-жаттығу: Ас ішер кезде, Сөйлемейміз

		таныстыру,сұрақ-жауап	қолдасың Еш жамандық болмасын Аумин	Ойын: «Көңілді трактор»	

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Бөлме гүлдері» туралы әңгімелесу Педагог балаларға бөлме гүлдерін көрсетіп, әңгімелеседі. -Барлық өсімдіктер күнді және жарықты жақсы көреді, сондықтан да оларды терезенің алдына қоямыз. Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлідері бар. Қпрлығаш құс балаларға бөлме гүлін күтіп-баптауды үйретулерін сұрайды. -Қане, бәріміз бірге Қарлығашқа көмектесейік. Біз енді өсімдіктерді қалай күтіп-баптау керектігін білеміз ғой. -Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, өсімдіктердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұруы үшін топырағын қопсытамыз. Педагог гүлге су құйып, топырағын қопсытып көрсетеді. -Мынау қандай гүл? Бұл қазтамақ. Қане,	«Кактус гүлі» ертегісін әңгімелеу (М.Скребцованың ертегісі желісімен) «Үй» сергіту сәті Менде үлкен үй, *(Қолдарын көтереді)* Ал көжекте кішкентай. *(Отырады, қолдарын түсіреді)* Қонжық кетті үйіне, *(Орындарына тұрып жүреді)*Көжек болып секіре. *(Секіреді)* «Гүлдер дүкені» дидактикалық ойыны Педагог алдын ала түстері әртүрлі ыдыстағы қазтамақ гүлі бейнеленген гүлдердің суреттерін дайындап алады. *Мүмкіндік болса, дүкеннің сатушысы ересек топтың баласы немесе үлкендер болуына болады.* Педагог	«Кактус» жайлы әңгімелесу -Бүгін қуыршақ бізге бөлме гүлдерін күтіп-баптауға көмектескен еді, бірақ оның саусағына кактустың тікенегі кіріп кетіпті. Ол кактустың тікенегі барекенін білмей қалыпты. Байқау керек! Педагог ыдыстағы кактусты үстелдің үстіне қояды. -Қане, кактустың сабағын, бұтағын, жапырағын көрсетіңдерші. -Кактустар ыстық шөл далада өседі. Ол кішкене бөшкеге ұқсайды. Мыналар бұның сабағы және бұтағы. Кактустың жапырақтары инелерге айналған. Кактустар гүлдейді, гүлі өте әдемі болады. -Қалай ойлайсыңдар, кактус инелерімен қандай жануарға ұқсайды? *(Кірпі)* (М.Скребцованың «Кактус гүлі» ертегісін қайталап әңгімелеу және талқылау) Санамақ	«Бөлме гүлдері» жайлы әңгімелесу Педагог тақтаға балалардың салған суреттерін іледі. Үстел үстіне қағаздан қиылған гүлдер жатыр. Педагог өткен тақырыпты бекіту үшін балаларға жетекші сұрақтар қояды. Әр дұрыс жауапқа гүлдер сыйлайды. -Кактуста жапырақтар бар ма? -Кактустың тамыры болады маа? -Кактусты қалай күтіп-	«Гүлдер дүкені» ойыны Педагог әртүрлі қыш құмырада салынған қазтамақ пен кактус гүлінің картиналарын қояды. «Гүл» саусақ ойыны Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау: Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. «Биік-аласа» ойыны Ағаш биік, ал шөп ... Шөп аласа, ал бұта ... Бұта аласа, ал ағаш ... Анасының бойы биік, ал қызының бойы ... Қыздың бойы биік, ал қуыршақтың бойы ...

	иіскеп көрейікші. - Қазтамақтың түсі қандай? - Ал жапырағы ше? -Қандай әдемі гүлдер! Қане, тамашалайық! «Үй» сергіту сәті Менде үлкен үй, *(Қолдарын көтереді)* Ал көжекте кішкентай. *(Отырады, қолдарын түсіреді)* Қонжық кетті үйіне, *(Орындарына тұрып жүреді)*Көжек болып секіре. *(Секіреді)*	қуыршақты қолына алып ойынды бастайды. - ***Сәлеметсіз бе,*** мен қызыл ыдыстағы ақ қазтамақ гүлін сатып алайын деп едім. -Алыңыз, ***өтінем! -Рақмет! - Сәлеметсіз бе,*** мен үлкен көк ыдыстағы қызыл қазтамақ гүлін алайын деп едім, т.с.с.	*(қимыл-қозғалыспен келтіре отырып жаттау)* Оң қолымда бес саусақ, сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес башпай, сол аяқта бес башпай. Қосып едім екеуін, болып шықты он башпай.	баптаймыз? - Ал қазтамақты ше? -Қазтамақ гүлінің түсі қандай? - Неліктен адамдар бөлме гүлдерін өсіреді? т.с.с.	

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** №17 технологияқ карта Тақырыбы: Балапандарға қонаққа барамыз. Мақсаты: бір орнынан тұрып қос аяқпен «доптарша» секіру үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Сап-тізбекке тұруға жаттықтыру. Мойын, иық және қолдың бұлшықеттерін дамыту. Қимылды музыка ырғағына сәйкес орындау. Балаларды көңілді, пысық, ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіге көңіл аудару, сезіне білуге	**Музыка** Педагог жоспары бойынша	**Дене шынықтыру** №18 технологияқ карта Тақырыбы: Балапандарға қонаққа барамыз. Мақсаты: еденге қойылған тақтаймен төрттағандап алақан мен тізеге сүйеніп, еңбектеуге (ені 25 см, ұзындығы 2м) үйрету. Орында тұрып жеңіл секіру және еденге (жерге) жұмсақ қону, жаттығуды орындау сәтінде дұрыс тыныс алу дағдыларын жетілдіру. Сап-тізбекке жаттықтыру. Мойын, иық және қолдың бұлдықеттерін дамыту. Қимылды музыка ырғағына сәйкес	Кітаппен жұмыс. Балабақшадағы кітап бұрышы «Сиқырлы ертегілер әлемінде»	**Дене шынықтыру** №19 технологияқ карта Тақырыбы: Орманға пойызбен саяхат. Мақсаты: допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету. Қимылды ырғақпен жеңіл, еркін, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре орындау қабілеттерін қалыптастыру. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірбиесін молайту. Қолданылатын құрал-

	дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау. Қолданылатын құрал-жабдықтар: ойыншықтар, доп (доп қалай секіретінін көрсету), балапандардың (қаз, үйрек), мысықтың бетпердесі. Педагог төмендегі тапсырмаларды орындатады: «Балапандарға қонаққа барамыз». Бір-бірден сап-тізбекке тұру, дағдылы бір-бірден сап тізбекте жүру. Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру; бытырап, бір-біріне соқтығыспай, заттарды айнала жүру. Заттардың арасымен бытырап жүгіру. - Таңертең аулада әтеш пен тауық маңғаздана жүреді (иықты артқа қарай айналдыра жүру). - Балапандарын ертіп алып, айдарын көтере (мойындарын соза), балапандарын тамақтандырады (клю-клю-клю – бастарын еңкейту). Сап-тізбекте бірінің артынан бірі жай және шапшаң жүру. -Сәлем, *балапан!* Шіп-шіп-шіп (*балапандар* кібіртіктеп, адымдап жүреді.)		орындау. Балаларды көңілді, пысық, ширақ балапандарды бейнелей білуге талпындыру. Белгіле көңіл аудару, сезіне білуге дағдыландыру. Дене бітімінің дұрыс дамуын қадағалау. Қолданылатын құрал-жабдықтар: ойыншықтар, доп (доп қалай секіретінін көрсету), тақтай, 2 ұзын жіп, балапандардың (қаз, үйрек), мысықтың бетпердесі. Педагог төмендегі тапсырмаларды орындатады: «Балапандарға қонаққа барамыз». Бір-бірден сап-тізбекке тұру, дағдылы бір-бірден сап тізбекте жүру. Жай жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру; бытырап, бір-біріне соқтығыспай, заттарды айнала жүру. Заттардың арасымен бытырап жүгіру. - Таңертең аулада әтеш пен тауық маңғаздана жүреді (иықты артқа қарай айналдыра жүру). - Балапандарын ертіп		жабдықтар: көрнекті бағыт үшін заттар, доптар, жіп. Педагог төмендегі тапсырмаларды орындатады: «Орманға пойызбен саяхат». Шағын топпен қатарға тұру. Сап-тізбекте бірінің артынан бірі көрнекті бағыт бойынша жүру. Бір-бірінен ұстап, балалар орманға жиналады. Алыс сапарға шықты: У-ду-у-уу-у(балалар қайталайды). Паровоз: «Ду-у». Мен келемін, келемін, келемін. «Доңғалақтар тарс-тұрс» (тізені сәл бүгіп, бүгулі қолмен алға-артқа, доңғалақтардың жүрісін бейнелеу). «Доңғалақтар тарс-тұрс, тарс-тұрс!» -қол ұстасып шеңбер бойымен жүгіру. Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары Шеңбер бойы тұрғызып, жалпы дамыту

	Балапандар қалай жүреді/жүгіреді? Жүгіреміз, жүгіреміз, жүгіреміз. «Тоқта!» белгісі бойынша тоқтау. Балалар педагогті мұқият тыңдайды, дұрыс орындауға тырысады. Жалпы дамыту жаттығулары Шеңбер бойы тұрғызып, жалпы дамыту жаттығуларын орындатады. Жаттығулардың жасалу ретін түсіндіріп тұрып көрсетеді. Балаларға орындатады. Балалардың дұрыс орындауларын қадағалайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: -Заттардың арасымен бытырап жүгіру; -Бір орында тұрып қос аяқпен секіреді «доптар». «Мысық пен балапандар» қимыл-қозғалыс ойыны.		алып, айдарын көтере (мойындарын соза), балапандарын тамақтандырады (клю-клю-клю – бастарын еңкейту). Сап-тізбекте бірінің артынан бірі жай және шапшаң жүру. - Сәлем, *балапан!* Шіп-шіп-шіп (*балапандар* кібіртіктеп, адымдап жүреді.) Балапандар қалай жүреді/жүгіреді? Жүгіреміз, жүгіреміз, жүгіреміз. «Тоқта!» белгісі бойынша тоқтау. Балалар педагогті мұқият тыңдайды, дұрыс орындауға тырысады. Жалпы дамыту жаттығулары Шеңбер бойы тұрғызып, жалпы дамыту жаттығуларын орындатады. Жаттығулардың жасалу ретін түсіндіріп тұрып көрсетеді. Балаларға орындатады. Балалардың дұрыс орындауларын қадағалайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: -Бір орында тұрып қос аяқпен секіреді «доптар»; -Еденге қойылған тақтайдан		жаттығуларын орындатады. Жаттығулардың жасалу ретін түсіндіріп тұрып көрсетеді. Балаларға орындатады. Балалардың дұрыс орындауларын қадағалайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: -Еденге тура салынған жіппен жүру; -Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру. Балалар жалпы дамыту жаттығуларын орындайды. Педагогті мұқият тыңдайды, тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады.

			төрттағандап алақан мен тізеге сүйеніп еңбектеу (ені 25см, ұзындығы 2 м.)		
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Серуен картотекасы № 11	Серуен картотекасы № 6	Серуен картотекасы № 9	Серуен картотекасы №15	Серуен картотекасы №5
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Аяқ киімді оң-терісін айыру,реттеп қою Ойын жаттығу: «Қолымызды жақсылап жуайық»	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ертегі айтып беру	«Арыстан мен тышқан» ертегісін оқып беру	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Музыка тыңдату.

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз.Аяғымызды жазамыз,Үлкен болып өсеміз.	Ұйқыдан соң балалар, Шаш тарауды ұмытпа Барлығымыз айна алдына келіп, Шаш тараймыз жұмыла	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір сумен қолыңды жу. Жуынсан сен егерде, Таза бетің-маңдайын
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Альбоммен жұмыс. Сурет салу. «Гүлдің ыдысын әшекейлейік» (картоп бастырмасы) Педагог балалрдың назарын альбомдағы әдемі гүл өсіретін қыш құмыраға аударады. Картоп бастырмасын қалай түсіру керек екендігін көрсетеді. Ыдысқа субояуды дайындап алады. Балалар картоптан ойылған дөңгелек және шаршы пішіндерді субояуға мала отырып альбомның келесі бетіндегі салынған гүлдің ыдысын әшекейлейді. Балалар қолдарын жуып, өздері жасаған жұмыстарын тамашалайды. Геометриялық пішіндер: шаршы, дөңгелек туралы ұғымдарын бекіту Педагог балалардан гүлдің ыдысын	Бөлмегүлдерін күтіп-баптаудағы іс-тәжірбие Педагог балалармен бірге өсімдіктерді қарап, оларға су құйыа, гүлдің астына қоятын тұғырықты жуады. Балаларды өзінің жұмысына тартып, кейде көмектесуін өтінеді. Оларға су құйғышты беріп өсімдікке қалай су құю керек екенін түсіндіреді (су құйғышты жқғары көтермей, суды байқап құю). Алдымен баланың қолымен су құйғышты ұстауына көмектесу керек. Сонымен қатар, педагог біртіндеп	Альбоммен жұмыс. «Кактустың» суретін салу Педагог балаларға қағаз бетіне салынған кактустың суреті мен қарындаш үлестіріп береді. Балалар кактустың инелерін салып толықтырады. «Үй» сергіту сәті Менде үлкен үй, *(Қолдарын көтереді)* Ал көжекте кішкентай. *(Отырады, қолдарын түсіреді)* Қонжық кетті үйіне, *(Орындарына тұрып жүреді)*Көжек болып секіре. *(Секіреді)* «Тапсырма» ойыны - Балалар, оң қолдарыңды жоғары көтеріңдер. Оң құлағынды, оң көзінді, оң аяғынды көрсетші. - Сол қолыңды көтер. Сол аяғыңды, сол көзіңді, сол	Жапсыру. «Кактус гүлі» «Ғажайып дорба» ойыны Педагог добаның ішіне әртүрлі ойыншықтарды (тегіс, бұжыр, жұмсақ, қатты) салады. Балалар дорбаға қолдарын салып, кез келген ойыншықты (заттарды) қолына алады, бірақ ойыншыққа қарамауы керек. Оның қандай	«Анасы мен қызы» желілі-рөлді ойыны Балалар қуыршақты бесігіне жатқызып, киімдерін орындыққа реттеп қойп «Әлди, әлди, бөпешім» әнін айтады. М.Скребцованың «Кактус гүлі» ертегісін кейіптендіру *(үзінді)* Жылулық щеңбері. «Әткеншек» Балалар шеңбер бойымен айнала жүріп, бәрі бірге айтады: Өз қолымен ыдысқа, отырғыздым үй гүлін, Сабақтары қып-қысқа, терезеден сүйді күн.

	қандай пішінмен әшекейленгенін сұрайды, одан кей»н тақтаға дөңгелек және шаршыны қояды. -Балалар дөңгелекті саусақпен жүргізіп көрейікші, қараңдаршы, қандай әдемі дөңгелек, тіпті саусақтарымыз тоқтамайтын сияқты. Дөңгелекті дөңгелетіп көрейік. Дөңгелей ме? Ал енді шаршыны саусақпен жүргізейік. Саусағымызды түзу жүргіземіз, міне мынау бұрыш, бұрыштан бұрылып түзу жүреміз, міне тағы да бұрыш, тағы да бұрыламыз, т.б. Енді біз шаршыны дөңгелетіп көрейікші. Неліктен ол дөңгелемейді? -Балалар, дөңгелекті шаршының үстіне қояйық. Міне, көріңдер ме; шаршының бұрыштары бар (бұрыштарын көрсетеді). Шаршы дөңгелемейді, өйткені оның бұрыштары кедергі жасайды. Ал дөңгелек дөңгелейді, өйткені оның бұрыштары жоқ. Жылулық шеңбері Біз гүлдермен доспыз, текке оны жұлмаймыз Той күні	барлық балаларды гүлге су құюға үйретеді. Мүсіндеу. «Күрек» Балалар ермексазды алақандарына салыпуқалайды да, таяқша жасайды. Қатырма қағаздан жасалған қалағына біріктіреді. Аяқталған жұмысқа бөлме гүлдернің топырағын қопсытатын күрек деп ат қояды. Жылулық шеңбері Біз гүлдерімен доспыз, текке оны жұлмаймыз, Той күні бір-бірден, анамызға сыйлаймыз.	құлағыңды көрсетші! -Алақанды соғайық! -Оң аяқ, сол аяқ, топ-топ басайық!	ойыншық екенін атайды, егер атын таба алмаса қасиеттерін сипаттайды. Мысалы: қатты немесе жұмсақ, тегіс немесе бұжыр, үлкен немесе кішкентай және олардың аттарын және түстерін ажырптып айтады. Дұрыс айтқан балаға гүл береді. Қолдарына гүлдерін алып балалар музыка ырғағымен би билейді. «Гүлдер биі»	

	бір-бірден, анамызға сыйлаймыз.				
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс. «Бөлме Гүлдері» Амир	Жеке жұмыс. Балаларға киім бүктеуді үйрету Саида	Жеке жұмыс. Ойын тапсырма Жалғас	Жеке жұмыс. Достық қарым қатынасқа тәрбиелеу. Амелия	Жеке жұмыс. Биік аласа Хадиша
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау.
Серуен	Серуен картотекасы № 31	Серуен картотекасы № 28	Серуен картотекасы № 9	Серуен картотекасы №17	Серуен картотекасы № 20
Балалардың үйге қайтуы	Дұрыс тамақтану ережелері.	Кеңес «Егер бала бұзық болса»	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

ЦИКЛОГРАММА

Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 3 апта (16-20 Қазан 2023-2024 оқу жылы)

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 16.10.2023**	**Сейсенбі 17.10.2023**	**Сәрсенбі 18.10.2023**	**Бейсенбі 19.10.2023**	**Жұма 20.10.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды салаулатты өмір сүруге тәрбиелеу; дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру.	«Амансың ба, достарым!» Балаларға бір-біріне жақсы сөз айтып, жақсы көңіл күй сыйлауға үйрету.	Таңертеңгілік шеңбер Нан қиқымын ашпаңдар Жерде жатса аспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар.	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор»	Өзін-өзі күтуге және жақындарына көмек беруге үйрету тақырыптары бойынша сөйлеу, пікірлеу.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме**:Балаңыздың достары туралы білесізбе? Сауалнама жүргізу	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жылулық шеңбері. «Қоңақта» ойыны *Педагог* (шеңбердің ортасында тұрып) : Міне, мен сендерге қонаққа келдім. *Балалар:Келгеніңізге қуаныштмыз.* -Қане,	Жылулық щеңбері. «Сұпақ-жауап» ойыны «Ойыншықтар» сергіту сәті Балалар доп сияқты секіріп, машина ұқсап	Жылулық шеңбері. «Жалауша» сергіту сәті Балалар қолдарына жалауша ұстап бұрашта тұрады. Педагог қарама-қарсы бұрышта тұрып,	Жылулық шеңбері. «Сұрақ-жауап» ойыны «Жалауша» сергіту сәті Балалар қолдарына жалауша ұстап бұрышта тұрады. Педагог қарама-қарсы	Жылулық шеңбері. «Қоңақта» ойыны *Педагог* (шеңбердің ортасында тұрып) : Міне, мен сендерге қонаққа келдім. *Балалар:Келгеніңізге қуаныштмыз.* -Қане,

	айтыңдаршы, бүгінгі күнді қалай өткіздіңдер? - Ертеңгілік жаттығу жасадық. -Қандай жаттығу жасадыңдар? -*Міне, былай! (Балалар кез келген қолдарын алдаына созады. 2 рет)* -Содан кейін не істедіңдер? - *Қолымызды жудық.* - Қалай? -Міне, былай *(Қол жуғандай қимыл жасайды. 2 рет)* - Содан кейін?! - *Серуенге шығып, әдемі көбелектер ұстадық.* -Қалай? - Міне, былай. *(Көбелек ұстағандай қимылдар жасайды. 2 рет)* - Содан кейін не істедіңдер? *Түскі асты түгелдей тауысып іштік.* - Қалай? *Міне, былай. (2 рет)* -Содан кейін не істедіңдер? - *Төсегімізге барып жаттық, тәтті ұйқыға баттық.*- Қалай? -*Міне былай. (Алақандарын бірінің үстіне бірін қойып ұйықтағандай*	жүріп, кілемге жатып аяқтарымен велосипед тепкендей қимылдар жасайды.	оларға: «Жалаушаны жоғары көтерейік, міне былай, төмен түсірейік, міне былай! т.с.с.» деп тапсырма береді. Балалар айтқанды орындап, «Алақай!» деп жалаушаны желбіретеді. Соңынан педагог басқа бұрышқа ауысып, бала тілегі бойынша ойын қайталанады. Ойыннан кейін қуыршақ Сәуле балаларға бауырсақпен шай береді.	бұрышта тұрып, оларға: «Жалаушаны жоғары көтерейік, міне былай, төмен түсірейік, міне былай! т.с.с.» деп тапсырма береді. Балалар айтқанды орындап, «Алақай!» деп жалаушаны желбіретеді. Соңынан педагог басқа бұрышқа ауысып, бала тілегі бойынша ойын қайталанады. Ойыннан кейін қуыршақ Сәуле балаларға бауырсақпен шәй береді.	айтыңдаршы, бүгінгі күнді қалай өткіздіңдер? - Ертеңгілік жаттығу жасадық. -Қандай жаттығу жасадыңдар? -*Міне, былай! (Балалар кез келген қолдарын алдаына созады. 2 рет)* -Содан кейін не істедіңдер? - *Қолымызды жудық.* - Қалай? -Міне, былай *(Қол жуғандай қимыл жасайды. 2 рет)* - Содан кейін?! - *Серуенге шығып, әдемі көбелектер ұстадық.* -Қалай? - Міне, былай. *(Көбелек ұстағандай қимылдар жасайды. 2 рет)* - Содан кейін не істедіңдер? *Түскі асты түгелдей тауысып іштік.* - Қалай? *Міне, былай. (2 рет)* -Содан кейін не істедіңдер? - *Төсегімізге барып жаттық, тәтті ұйқыға баттық.*- Қалай? -*Міне былай. (Алақандарын бірінің үстіне бірін қойып ұйықтағандай*

	көрсетеді. 2 рет) Педагог шеңберде тұрып сұрақтар қойып, жауаптарын айтып көрсетеді. Содан кейін қонақтың рөлін балалар орындайды, ал педагог балалармен бірге шеңберде тұрып, жаттығуды жасап көрсетеді.				*көрсетеді. 2 рет)* Педагог шеңберде тұрып сұрақтар қойып, жауаптарын айтып көрсетеді. Содан кейін қонақтың рөлін балалар орындайды, ал педагог балалармен бірге шеңберде тұрып, жаттығуды жасап көрсетеді.
Таңертеңгі жаттығу	№21.«Қияр, қияр» Ертеңгілік жаттығу.	№22.«Көбелекті ұста» Ертеңгілік жаттығу.	№23.«Қояндар» Ертеңгілік жаттығу.	№24.«Ормандағы аю» Ертеңгілік жаттығу.	№25.«Ұшқыштар» Ертеңгілік жаттығу.
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Нан тамақтың атасы Ынтымақ-көптің батасы Тістем нанның қадірін Тарыққанда білерсін »	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Сиқырлы сөз: «Астарыңыз дәмді болсын» Асың-асың-асыңа Береке берсін басына Алла бізді қолдасың Еш жамандық болмасын Аумин	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор»	Ойын-жаттығу: Ас ішер кезде, Сөйлемейміз

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ойыешықтар жайлы әңгімелесу Педагог балалармен бірге топ ішіндегі ойыншықтарды қарап, Б.Жақыптың «Менің ойыншықтарым» өленің бірге қайталайды. Сылдыр-сылдыр, сылдырмақ, Шақырады	«Қуыршаққа киім және аяқ киім таңдауға көмектесейік» ойыны Педагог балаларға киім және аяқ киімінің картиналарын көрсетіп, оларды атап беруін сұрайды. Қуыршаққа көмек	Т. Благовещенская ертегісін оқу «Ойыншықтар достығы» Ертеде бір әдемі қуыршақ болыпты. Өз әдемілігіне масаттанған қуыршақ, басқа ойыншықтармен ойнамапты. Мақпал Қонжық, Көжек,	Әңгімелесу «Қуыршақ Сәуленің үйінде қонақтамыз» Педагог балаларға әдемі шақыру қағазын көрсетеді. -Қарлығаш бізге қуыршақ Сәуледен шақыру қағазын алып келіпті. Қуыршақ Сәулеге қонаққа немен барамыз? Машинаға	Ойыншықтар туралы әңгімелесу Педагог үстелдің үстіне доп, күрек, тырма, шелек, секіргіш, құм салатын пішіндер, жүк машинасы сияқты ойыншықтарды қояды. -Үстел үстіндегі ойыншықтарды атайықшы. -Бұл

	сылдырлап. Қарайды қуыршақ, Қарайды құлыншақ. Үйдің ішін аралап, Добым кетті домалап. Қарайды қуыршақ, Қарайды ботақан. Педагог балаларға сұрақтар қойып толық жауап беруін сұрайды. -Топ ішінде қандай ойыншықтарды көріп тұрсындар? -Сенде қандай ойыншықтар бар? -Ойыншықтар неден жасалған? (темірден, матадан, резинадан т.с.с.) «Қай ойыншық көп?» Педагог балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсетіп: «Бізде қандай ойыншықтар көп?» деп сұрайды. Балалар: «Бізде кубиктер (машина, қуыршақ т.с.с.) көп» - деп жауап береді. Педагог балалардың сөйлемдерді дұрыс құрастырып, жүйелеп сөйлеуіне, зат есімнің көпше түрінің жалғауын, артикуляциясын	қажет екенін хабарлайды. «Дүкенде көптеген тауарлар бар. Қуыршақ тіпті сасқалақтап қалды. Қане, кім оған қандай киім сатып алу керектігіне кеңес береді. Алдымен киімдерден бастайық». Балалардың кеңесін тыңдаған соң, педагог қуыршақпен сұхбат құрудың түрлі жолдарын қолдануға көмектеседі. «Анар тонды (міндетті түрде) сатып ал, ол жылы және өте әдемі», т.с.с. «Көктем жақындап қалды, көктемнен кейін жаз келеді.» - деп әңгімесін жалғастырды педагог. – Қуыршаққа көктем мезгіліне нені сатып алу керектігі жайлы қандай кеңес беретін	Маймыл, Қодық Қуыршақты бірінші рет ойнауға шақырды. Бірақ тәкаппар Қуыршақ әрқашан олармен ойнаудан бас тартатын болыпты. Бір күні әлгі Қуыршақ терезе алдындағы айнадан өзінің сұлулығына сүйсіне қарап отырады. Аяқ астынан қатты жел соғып, терезе қақпақтары ашылып кетеді. Қуыршақ еденге құлайды. Оның әдемі көйлегі жыртылып, шашы ұйысып, жылағаннан беті айғызданып қалады. Қуыршақ қатты жылайды. Оны байқаған басқа ойыншықтар Қуыршақты аяп кетеді. Маймыл Қуыршақтың жыртылған көйлегін әдібін білдірмей тігіп береді. Көжек шашын сәндейді. Мақпал Қонжық басынан сипап, оны жұбатады,	отырамыз, одан кейін ұшаққа отырайық, моторды қосыңдар. *Ұлттық, тұрмыстық заттардан көрме ұйымдастыруға болады.* Балаларды қуыршақ Сәуле қарсы алып, амандасып, киіз үйге кіргізеді, Бауырсақпен сыйлайды. Ол киіз үйдің ішіндегі заттармен таныстырады: сандық, көрпе, алаша, самаурын, кесе, шыныда ұлттық ою-өрнектнр бар екенін көрсетеді. Қуыршақ Сәуле балалардың назарын Қазақстанның туына аударып, әңгімелеседі: -Біздің Отанамыздың өзінің туы бар, оның түсі көгілдір, алтын түсті ою-өрнегі, ортасында алтын күн, көк аспанда қалықтап ұшқан қыран бүркіт бейнеленген. Қараңдар, қандай әдемі ту! -Қуыршақ Сәуле, сіз үйіңізге	ойыншықтармен не істеуге болады? *(Допты домалатуға, секіргішпен секіруге, күрекпен құмды шелекке салып, жүк машинасымен тасуға, т.с.с.)* - Ойыншықтармен қайда ойнауға болады? *(Далада)* - Әртүрлі пішіндер жасау үшін қандай құм керек? *(Дымқыл)* -Неліктен ойнау үшін құрғақ құм керек емес? *(Шышылып қалады)* Педагог ойыншықтарды ұқыпты ұстау ережесін еске түсіруді ұсынады.

	дұрыс айтуына көмектеседі. «Үлкен – кіші» жаттығу Педагог үстелдің үстіне түрлі көлемдегі ойыншықтар қояды: үлкен, кіші. Содан кейін балаларға ойыншықтардың атын және көлемін хормен айтуды ұсынады. Мысалы: «Мына кубик үлкен, ал мына кубик кіші», «Мына доп үлкен, ал мына доп кіші», т.с.с. «Доп» өлеңін оқу, жаттау Дөп-дөңгелек ала доп, Қызыл-жасыл және көк. Ала шықтым аулаға. Ойнайтұғын бала көп.	едіңдер? Жазда қалай киіну керек екенін айтып көрейік». Қуыршақтың атынан педагог балаларға балаларға алғысын білдіреді.	ал Қодық Қуыршақтың жерден көтеріліп, орындыққа отыруына көмектеседі. Қуыршақ өз-өзін айнадан көріп танымай қалды -ол бұрынғысыдан да ажарлана түскендей. Ол өз қатесін түсінеді. Қуыршақ доссыз өмірдің қызық емес екенін ұғады. Ол осы жағдайдан кейін сұлулығына мақтанбайтын болыпты. Менмендігін ұмытыпты. Ол бәріне ендігі жерде Мақпал Қонжық, Көжек, Маймыл, Қодық сынды достары барын қуана айтыпты.	неліктен туды ілдіңіз? -Себебі Қазақстан менің Отаным, туып өскен жерім. Оны барлық адамдар жақсы көреді, өзінің Отанын мақтан тұтып, қорғайды. Балалар қуыршақ Сәуленің қонақжайлығына рақметін айтып, «Ойыншықтар достығы» ертегісін кейіптендіріп көрсетеді.	

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** №20 технологияқ карта Тақырыбы: Орманға пойызбен саяхат. Мақсаты: допты екі қолмен кеуде тұсынан қолдарын екпінді қимылмен жаза лақтыруға үйрету.	**Музыка** Педагог жоспары бойынша.	**Дене шынықтыру** №21 технологияқ карта Тақырыбы: Бүгін біз циркке барамыз. Мақсаты: бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылдарын үйлестіре, серпіле	Кітаппен жұмыс. Балабақшадағы кітап бұрышы «Сиқырлы ертегілер әлемінде»	**Дене шынықтыру** №22 технологияқ картаТақырыбы: Бүгін біз циркке барамыз. Мақсаты: бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Аяқ пен қол қимылдарын үйлестіре, серпіле

	Қимылды ырғақпен жеңіл, еркін, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре орындау қабілеттерін қалыптастыру. Жеңіл бытырап жүгіруге жаттықтыру. Дене түзілісін бақылау. Балалардың қимыл тәжірбиесін молайту. Қолданылатын құрал-жабдықтар: көрнекті бағыт үшін заттар, доптар, жіп. Педагог төмендегі тапсырмаларды орындатады: «Орманға пойызбен саяхат». Шағын топпен қатарға тұру. Сап-тізбекте бірінің артынан бірі көрнекті бағыт бойынша жүру. Бір-бірінен ұстап, балалар орманға жиналады. Алыс сапарға шықты: У-ду-у-уу-у(балалар қайталайды). Паровоз: «Ду-у». Мен келемін, келемін, келемін. «Доңғалақтар тарс-тұрс» (тізені сәл бүгіп, бүгулі қолмен		екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұдшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.Қолданылатын құрал-жабдықтар: заттар, жіп, әр балаға 2 түсті таспалар. Педагог төмендегі тапсырмаларды орындатады: «Бүгін біз циркке барамыз». Тапсырманы орындай жүру. Заттардың арасынан «ирелеңдеп» жүру. - Күнде таңертең шынықтыру жаттығуын жасаймыз (орында тұрып жүру). Жаттығуды ретімен орындауы: көңілді адымдаймыз (адымдау); сарбаздарша жүруді; күлдіргіштердей жүгіруді ұнатамыз.		екпінмен секіруді бекіту. Музыкаға сәйкес өздігінен бейнелі қимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру. Бұдшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту.Қолданылатын құрал-жабдықтар: заттар, жіп, әр балаға 2 түсті таспалар. Педагог төмендегі тапсырмаларды орындатады: «Бүгін біз циркке барамыз». Тапсырманы орындай жүру. Заттардың арасынан «ирелеңдеп» жүру. Күнде таңертең шынықтыру жаттығуын жасаймыз (орында тұрып жүру). Жаттығуды ретімен орындауды: көңілді адымдаймыз (адымдау); сарбаздарша жүруді; күлдіргіштердей жүгіруді ұнатамыз. Қолды жоғары көтеріп отыру, қолды түсіріп тұру. 4-6 рет. Шағын топпен

	алға-артқа, доңғалақтардың жүрісін бейнелеу). «Доңғалақтар тарс-тұрс, тарс-тұрс!» -қол ұстасып шеңбер бойымен жүгіру. Доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары Шеңбер бойы тұрғызып, жалпы дамыту жаттығуларын орындатады. Жаттығулардың жасалу ретін түсіндіріп тұрып көрсетеді. Балаларға орындатады. Балалардың дұрыс орындауларын қадағалайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: -Еденге тура салынған жіппен жүру; -Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру. Балалар жалпы дамыту жаттығуларын орындайды. Педагогті мұқият тыңдайды, тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады.		Қолды жоғары көтеріп отыру, қолды түсіріп тұру. 4-6 рет. Шағын топпен қатарға тұру. Таспамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары Шеңбер бойы тұрғызып, жалпы дамыту жаттығуларын орындатады. Жаттыгудың жасалу ретін түсіндіріп тұрып көрсетеді. Балаларға орындатады. Балалардың дұрыс орындауларын қадағалайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: -Жіппен ұстап шеңбер бойымен жүгіру; -Бір орында тұрып ұзындыққа секіру (арақашықтығы 30 см).		қатарға тұру. Таспамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары Шеңбер бойы тұрғызып, жалпы дамыту жаттығуларын орындатады. Жаттығулардың жасалу ретін түсіндіріп тұрып көрсетеді. Балаларға дұрыс орындауларын қадағалайды. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: -Бір орында тұрып ұзындыққа секіру (арақашықтығы 30 см); -Допты екі қолмен желкелен (тұсынан) лақтыру.

Екінші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	Серуен картотекасы № 11	Серуен картотекасы № 6	Серуен картотекасы № 9	Серуен картотекасы №15	Серуен картотекасы №5
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Аяқ киімді оң-терісін айыру,реттеп қою Ойын жаттығу: «Қолымызды жақсылап жуайық»	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Дара жұмыс этикет ережелерін сақтауын қадағалау.
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Астан кейін «Рахмет» сөзін айта білу	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ертегі айтып беру	«Арыстан мен тышқан» ертегісін оқып беру	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Музыка тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз.Аяғымызды жазамыз,Үлкен болып өсеміз.	Ұйқыдан соң балалар, Шаш тарауды ұмытпа Барлығымыз айна алдына келіп,	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір сумен қолыңды жу. Жуынсан сен егерде, Таза бетің-маңдайын

			Шаш тараймыз жұмыла		
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Альбоммен жұмыс. «Доптың» суретін салу (субояумен) Педагог балаларға доптарды көрсетіп, олардың көлемі және түсі әртүрлі болатынына зейіндерін аудартады. -Мынау үлкен, ал мынау қандай? (кіші) -Мынау қызыл түсті доп, ал мына доптың түсі қандай? (көк) - Міне, балалар доптардың көлемі, түсі әртүрлі болады екен. Қане, ендеше доптардың суретін салып көрейікші. Балалар алдымен доптың суретін ауада салып жаттығады. Содан кейін қылқаламды субояуға малып, әртүрлі көлемдегі доптардың суретін салады.	Ойыншықтарды ұқыпты ұстау жайлы әңгімелесу Педагог қуыршақтың атынан балаларға кейде ойыншықтардың түнде неге жылайды? Балалардың жауаптарын тыңдай отырып, педагог балалардың сөздері дұрыс құрастыруына көметесіп, сөйлемдерді айта білуін қадағалайды. -Бізде сынған ойыншықтар жоқ па? -Біз ойыншықтарды ұқыпты ұстаймыз ба? -Өздерінің сүйікті	Н.Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өленің жаттау Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар «тыңдайды», Ақыл айтсақ, бұйырсақ, Кей қуыршақ ұйықтайды, Айтқаныңнан шықпайды.	Н.Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өленің жаттау Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар «тыңдайды», Ақыл айтсақ, бұйырсақ, Кей қуыршақ ұйықтайды, Айтқаныңнан	«Ойыншықтар дүкені» ойыны Педагог үстел үстіндегі ойыншықтарды қуыршақ, жұмсақ ойыншықтар, құрылыс материалдары, пирамидалар, машиналармен толықтырады. Педагогтың өзі сатушы рөліне енеді. Ал балалар салып алушы рөлінде болады. Олар дүкенге келіп, амандасып ойыншық алуға келгенін айтады. Ойыншықтың атын атамай, оның түрін, түсін сипаттап беруі керек. Бірнеше сатып алынған заттан соң, сатушы рөліне баланы сайлайды. Ойынды ары қарай

	Жаттығу «Көп-біреу» -Біздің топта қанша бала бар? -*Көп*. -Ал менің қолымдағы до нешеу? -*Біреу*. -Доптың пішіні қандай? -*Дөңгелек*. -Дөңгелекке тағы не ұқсайды? – *Алма, апельсин, т.с.с*. -Доп неге дөңгелейді? -*Бұрыштары жоқ, ол дөңгелек*. -Доппен қандай ойын ойнауға болады? «Орындарын тауып жинастыр» ойыны Балалар суретте бейнеленген заттарды өз орындарына «жинастырады». Мысалы: ойыншықтартар – сөрелерге, кітаптар – шкафқа, қарындаштар – қорапқа, т.с.с.	ойыншықтардың жайлы айтып беріңдерші. «Суреттегенді тап» ойыны Педагог үстелдің үстіне тұрған бір ойыншықты суреттейді. Балалар қандай ойыншық жайлы айтылғанын табады. Мысалы: «Мына ойыншық үлкен, оның қызыл туфлиі.., сары бантигі.., қызыл бұршақ көйлегі..., бұл ойыншықты орауға, тербетіп ұйықтауға, бесік арбамен сүйретуге болады».			жалғастыруға бол «Ойыншықтар» сергіту сәті Балалар доп сияқты секіріп, машина ұқсап жүріп, кілемге жатып аяқтарымен велосипед тепкендей қимылдар жасайды.
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс. «Ойыншықтар» Жвлғас	Жеке жұмыс. «Ойыншықтарды ұқыпты ұстау жайлы әңгімелесу» Хадиша	Жеке жұмыс. «Ойын тапсырма» Амир	Жеке жұмыс. Достық қарым қатынасқа тәрбиелеу. Саида	Жеке жұмыс. «Ойыншықтар» Амелия
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балалардың киіну реттілігін бақылау.

Серуен	Серуен картотекасы № 31	Серуен картотекасы № 28	Серуен картотекасы № 9	Серуен картотекасы №17	Серуен картотекасы № 20
Балалардың үйге қайтуы	Дұрыс тамақтану ережелері.	Кеңес «Егер бала бұзық болса»	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

ЦИКЛОГРАММА

Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 4 апта (23-27 Қазан 2023-2024 оқу жылы)

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.10.2023	Сейсенбі 24.10.2023	Сәрсенбі 25.10.2023	Бейсенбі 26.10.2023	Жұма 27.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию қажеттілігі туралы әңгімелесу Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. Балаңыздың достары туралы білесізбе? Сауалнама жүргізу				
